

Үш ғасырға таяу уақытта Сеңкібай бабамыздың (1709-1786) Алты Алашқа жайылған есімі, тау тұлғасы әрқашан елінің есінде, ұрпақ жүрөгінде мәңгілік жасап келеді, әрі жасай береді. Уақыт көші ілгері жылжыған сайын аты аңызға айналған ұлы бабамыздың ел басына күн туған көздердегі еліне қамқор болғаны, жаудың құтын қашырып, бітпес даудың түйінін бір ауыз сөзбен шешкен шешендігі, ат сүрінгенше ақыл тапқан даналығы жаңғырып, жарқын істері еске түсуде.

Биатаның 300 жылдығы қарсаңында кесенесініңашылуына байланысты өткен ғасырларды көз алдымызға келтірсек, еліміздің іргесі шайқалып, халықтың берекесі қашқан тұста тың шешім қабылдап, ақыл-айла, тапқырлығымен елін қорғаған, оны қырғынға ұшыратудан сақтаған Сеңкібай батырдың ұлы



ҰЛЫ БАБА ТҰЛҒАСЫ ҰРПАҚ ЖҮРЕГІНДЕ

тұлғасының тарихтан алар орны ерекше екендігін сезінеміз. Демек, Алаштың ардақтысы киелі баба рухына тағзым ету, өскелең ұрпаққа үлгі ету - аға буынның борышы екені даусыз.

Қиын-қыстау шақта ел бастаған көсемдердің, сөз бастаған шешендердің бірі - Биата бабамыздың есімі әділетті билігімен, парасат-пайымымен ел аузына ерте ілінген жөнінде тарихи деректерде келтірілген.

Арғын тайпасының Қаракесек руынан шыққан Қожас батырдың шөбересі - Сеңкібай Оразғұллы жасынан өжетте алғыр болып өседі. Он жеті жасқа келгенде Бегенбай батырдың жоңғарларға қарсы жасағына ереді. 1729 жылдары Нұра даласында жоңғарлармен болған шайқастың бірінде Сеңкібай бабамыз Хонтажының немересі Өмірсананың басқаруындағы мыңдықпен бетпестік келеді. Ертедегі дәстүр бойынша батырлар жекпе-жекке шығатын. Ноян Коренмен айқаста жеңіске жеткен бабамыздың есімі ел арасына бірден тарап кетеді.

Батыр бабамыздың ержүректігі, тапқырлығымен көзге түсуінің негізінде Абылай әскерінің барлаушылар мыңдығын басқарғанын, жоңғарларға қарсы жорыққа бірнеше ірі ірі шайқастарға қатынасқандығын және небір қиын-қыстау, тар кезеңдерде жол тауып, қазақ қолының азаттық жолындағы күресте ірі жеңістерге жетуіне күш жұмсаған санаулы баһадүрдің бірі екендігі нысанбек Терекұлұлының «Қазақтың

жүз шешені» кітабында толық деректер келтіріліп, дәлелденеді.

Тағы бір толығырақ тоқтала кететін тарихи жағдай, ол бабамыздың Уақ Баян батырмен бірге Абылайдың қалың қолында болғанда неше дүркін ерліктер көрсеткендіктен «Ақиық сұңқар», «Киелі батыр» атанғандығы. Оның тастай қараңғы түндерде ұйытқыған боран, нәсерлі жауын күндерде бүркіт үні санқылдап жол көрсететін киесі болған.

Жоңғарларға қарсы жойқын соғыс аяқталған соң Сеңкібай батыр бірқатар жасақтарымен бірге атақонысы Қарқаралы мен Балқаш көлі аймағына келіп мекендейді.

Бабамыздың батыр, ел бастаған көсем ғана емес, шешен, Әділет жолынан айнымаған би болғанын, ел ішіндегі дау-дамайды шешетін әділ қазы ретінде де есімі ел жадында сақталған. Қара қылды қақ жаратын әділ батагөйлігіне риясыз ризашылық білдірген ел-жұрты киелі де ардақты Биата деп атап, үлкен құрмет көрсеткен. Қазір халық аузында Биата айтты деген ғасырдан асып ғасырларға жеткен нақыл, ұшқыр да асыл сөздер бүгінгі ұрпағына өшпесте өлмес мирас болып отыр.

Марат ЖҮКІБАЙ,
Еуразия гуманитарлық
институты экономикалық
және математикалық пәндер
кафедрасының
меңгерушісі, экономика
ғылымдарының
кандидаты, профессор.